# Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению на проведение оценки воздействия на окружающую среду Проект отчета о возможных воздействиях по объекту «Перепланировка въезда к линии приема и сортировки полигона ТБО г. Аксай, бурение наблюдательных (контрольных) скважин для мониторинга влияния ТБО на грунтовые воды, строительство дезинфицирующей ванны мойки колес спецтранспорта и прием коммунальных отходов (ТБО) с близлежащих населенных пунктов Бурлинского района» от 13 марта 2024 года №KZ41RVX01034850

Дата составления сводной таблицы: 2.04.2024 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 14.03.2024 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 14.03.2024 – 1.04.2024 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

| № | Заинтересованный государственный орган | Замечания и предложения |
|---|---|---|
| 1 | Акимат Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулиро-вания природополь-зования ЗКО | Замечания и предложения (письмо от 18.03.2024 г. №4-12/441):<br>«Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық - Каспий су ресуртарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керек» |
| 2 | Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан «Запказнедра» | (письмо от 19.03.2024 г. № 26-10-7-446)<br>Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI ЗРК «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 64-бабына сәйкес, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауы кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.<br>Қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша компаниялардың белгіленген қызметі туралы өтініштерде көрсетілген мәселелерді қарау Департаменттің құзыретіне кірмейді. |
| 3 | Управление строительства Западно-Казахстанской области | Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (письмо от 1.04.2024 г. № 6-7/436) |
| 4 | Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования | Замечания и предложения (письмо от 18.03.2024 г. №18-13-01-03/505):<br>1.Су обьектілерінің және олардың су қорғау |

| | | |
|---|---|---|
| | и охраны водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан | аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 125 және 126 - баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда:<br>1.1. Су обьектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құырыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады.<br>1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады;<br>1.3. Су обьектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су обьектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс;<br>2. Егер аумақта су обьектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады.<br>. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су обьектісінен тікелей су обьектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.<br>Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 4-тармағы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады. |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области | Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (письмо от 19.03.2024 г. № 4-6/356) |
| 6 | Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области | (письмо от 19.03.2024 г. № 22-15-4-14/269)<br>Бөрлі ауданы әкімдігінің «Горкомхоз» ШЖҚ МКК-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 13 наурыздағы №KZ41RVX01034850 өтінішін қарастыру нәтижесінде ескертпелер және ұсыныстар жоқ екенін хабарлайды. |
| 7 | Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан | Замечания и предложения (письмо от 5.04.2024 г. № 24-26-7-12/1000-И:<br>Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Сіздің хатыңызға сәйкес, «Бөрлі ауданы әкімдігінің «Горкомхоз» ШЖҚ МКК-ның 2024 жылғы 13 наурыздағы №KZ41RVX01034850 қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу өтінішіне сәйкес ықтимал әсер ету туралы есебінің жобасын оған қоса берілген басқа да материалдар бойынша ұыныстар мен ескертулер беру туралы хатыңыз бойынша, шаруашылық қызметпен қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі-ҚТҚ) желілік қабылдау және сұрыптаудың кіру жолдарын қайта жоспарланғандықтан, ҚТҚ-ның жер асты суларына әсерін мониторингілеу үшін бақылау (бақылау) ұңғымаларын бұрғылау, арнайы көлік дөңгелектерін жууға арналған дезинфекциялық ванна салу және коммуналдық қалдықтарды (ҚТҚ) жақын маңдағы Бөрлі ауданының елді мекендерінен қабылдау жоспарлану себебімен, қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу бойынша, ықтимал әсер ету туралы есебінің жобасына сәйкес, келесідей мәлімдейміз.<br>Полигон Ақсай қаласынан оңтүстікке қарай 5 км жерде орналасқан.<br>Полигонға жақын орналасқан тұрғын аймақ-ҚТҚ полигоны аумағынан солтүстік бағытта 1500 м және одан көп.<br>Қызылтал ауылынан шығысқа қарай 1470 м және одан көп.<br>Кентөбек ауылы-ҚТҚ полигонынан оңтүстік-батысқа қарай 9,5 км-ден астам.<br>Пугачево ауылы солтүстік-батысқа қарай 10 км-ден астам.<br>Аралтал ауылы солтүстік-батысқа қарай 7 км-ден астам.<br>Бөрлі ауылы солтүстік-батысқа қарай 38 км-ден астам.<br>Утва өзені (солтүстіктен оңтүстікке қарай) - Полигон алаңынан батыс бағытта 7 км және одан да көп.<br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" (Бұдан әрі-Бұйрық № ҚР ДСМ-2 ) санитариялық қағидаларын бекіту |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы" санитариялық қағидаларының 1 Қосымшасының: **11-бөлімінің « Санитариялық-техникалық, көлік инфрақұрылымының құрылыстары, коммуналдық мақсаттағы, сауда және қызмет көрсету қондырғылары мен объектілері»**<br>- 45 тармағының ( I сынып – СҚА 1000 м):<br><br>10,11 тармақшалары бойынша:<br>10) қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарындағы өндіру мен тұтыну токсикалық қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму бойынша полигондары және қатты коммуналдық қалдықтар полигондары;<br>11) қуаттылығы жылына 40 000 тонна және одан асатын қоқысты (қалдықты) өртейтін, қоқысты (қалдықты) сұрыптайтын және қоқысты (қалдықты) өңдейтін объектілері қатарына жатқызылады.<br>Осы, Бұйрықтың № ҚР ДСМ-2 2 тарауының 29 тармағы бойынша: Жобаланатын объектілерге арналған алдын ала (есептік) СҚА өлшемін кешенді ведомстводан тыс сараптама құрамында Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшылар белгілейді және 9 тармағы бойынша СҚА ең аз өлшемі жүйелі түрде әзірленеді: атмосфералық ауаға физикалық әсер ету (шу, діріл, ЭМӨ және басқа физикалық факторлар) деңгейлерін және атмосфералық ауаның ластанып таралуының есептеулері және (қауіптіліктің I және II сыныптарындағы объектілерге арналған) халықтың денсаулығы мен өмірі үшін тәуекелді бағалауы бар жоба негізінде айқындалатын алдын ала (есептік) СҚА; есептеу параметрлерін растау үшін заттай зерттеулердің және өлшеулердің жылдық циклінің нәтижелері бар жоба негізінде айқындалатын белгіленген (түпкілікті) СҚА.<br>Объект пайдалануға берілген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде тиісті объектілердің шаруашылық жүргізуші субъектісі алдын ала (есептік) СҚА растау үшін атмосфералық ауаны, атмосфералық ауаға физикалық және (немесе) биологиялық әсер ету деңгейлерін зерттеуді (өлшеуді) жүргізуді қамтамасыз етеді.<br>Сонымен қатар, "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"Санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының талаптары сақталуы тиіс.<br>Субъект тарапынан,ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы қамтылу қажет және ведомстводан тыс кешенді сараптама мекемесіне сараптама жасау үшін жұмыс жобасын ұсынған кезде, жоба дайындаушы субъект тарапынан, халықтың |

| | | |
|---|---|---|
| | | санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы және жұмыс жобасында қамтуылуы қажет екенін мәлімдейміз.<br>Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайы үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын және "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығының талаптарын басшылыққа алуды ұсынамыз. |
| 8 | Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан | Замечания и предложения (письмо от 29.03.2024 г. №2-12/235):<br>«Жобаның қоршаған ортаға ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша, сұратылып жатырған жер учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына және мемлекеттік орман қорының жерлеріне жатпайды. Сондай-ақ, аталған аумақта сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төніп тұрған жануарлардың түрлері жоқ. Алайда, Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет.<br>Сондай-ақ, қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу өтінішіне сәйкес сұратылып жатырған жер уческесінде мемлекеттік орман қорына кірмейтін өсіп тұрған ағаш екпелері болған жағдайда, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы», Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімінің 11 және 36 тармақтары және 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36 және 45 баптарының талаптары сақталу қажет.» |
| 9 | Департамент экологии по Западно-Казахстанской области | **1.** Согласно пункта 12 Методики расчета лимитов накопления отходов и лимитов захоронения отходов, утвержденной приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 22 июня 2021 года № 206, лимиты захоронения отходов рассчитываются с учетом данных о состоянии компонентов окружающей среды (атмосферного воздуха, |

| | | |
|---|---|---|
| | | поверхностных и подземных вод, почвенного покрова) в области воздействия, полученных по результатам проводимого производственного экологического контроля.<br>В связи с чем, необходимо обосновать расчетами объемы захороняемых твердо-бытовых отходов, принимаемых от сторонних лиц. |
| 10 | Заинтересованная общественность | Не представлено |